

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 2 тамыздағы № 685 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 6 қыркүйекте № 14205 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттарын бекітілсін.

2. «Денсаулық сақтау ұйымдарының мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін және Денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерінің кезекшілігін ұйымдастыру және еңбекақы төлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 652 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6496 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2010 жылғы 27 қазандағы № 284 (26345) болып жарияланған) күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде баспа және электрондық нұсқада бір данада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтің берілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің

міндетін атқарушы

А. Цой

Қазақстан

Республикасы

Денсаулық

сақтау

және

әлеуметтік

даму

министрінің

міндетін

атқарушының

2016

жылғы

2

тамыздағы

№

685

бұйрығына

қосымша

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасын іске асыру мақсатында және денсаулық сақтау

саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеудің тәртібі мен шарттарын р е т т е й д і .

2. Мамандық бойынша жұмыс өтіліне мамандық бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарға қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен басқа да қызмет саласындағы ұйымдардағы жұмыстың уақыты е с е п т е л е д і .

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге а с ы р а т ы н з а ң д ы т ұ л ғ а ;
жұмыс өтілі – қызметкердің еңбек міндеттерін жүзеге асыруға жұмсаған күнтізбемен есептелген уақыт.

2-тарау. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу тәртібі мен шарттары

4. Мамандығы бойынша дәрігер жұмыс өтіліне жоғары медициналық білімі болған кезде дәрігерлік және басшылық лауазымдарындағы жұмыс уақыты, сондай-ақ клиникалық практикаға байланысты біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан, резидентурада, клиникалық ординатурада, аспирантурада, магистратурада, докторантурада оқудан өту уақыты есептеледі.

5. Орта медицина персоналы лауазымдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне орта медицина персоналы лауазымдарындағы, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарында басшылық және медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының хатшысы лауазымындағы жұмыс уақыты есептеледі.

6. Орта фармацевтикалық персонал (оның ішінде зертханашылар үшін) лауазымдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне орта фармацевтикалық персонал (оның ішінде зертханашылар үшін) лауазымдарындағы, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарында басшылық лауазымдарында және медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының хатшысы лауазымындағы жұмыс уақыты есептеледі.

7. Провизор лауазымында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне жоғары фармацевтикалық білімі болған кезде фармацевтикалық персонал лауазымдарындағы, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарында басшылық лауазымдарындағы жұмыс уақыты есептеледі.

8. Медициналық емес психолог, зертханашы, энтомолог, зоолог, биолог

лауазымдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымында басшылық лауазымдарындағы жұмыс уақыты есептеледі.

9. Кіші медицина персоналы лауазымында жұмыс істейтін адамдардың мамандығы бойынша жұмыс өтіліне барлық денсаулық сақтау ұйымдарындағы, сондай-ақ медициналық ғылыми ұйымдары мен денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарындағы жұмыс уақыты есептеледі.

10. Медицина және фармацевтика персоналы лауазымында жұмыс істейтін адамдардың мамандығы бойынша жұмыс өтіліне осы лауазымдарда жұмыс істеуге медициналық немесе фармацевтикалық білім талап етілетін медициналық емес ұйымдардағы лауазымдағы жұмыс уақыты есептеледі, бұл жұмыс істеген ұйымның тиісті құжатымен расталады.

11. Мамандығы бойынша жоғары және (немесе) орта медицина және (немесе) фармацевтикалық білімі бар мамандардың жұмыс өтіліне денсаулық жағдайына байланысты өзгерген бұрын алған мамандығы бойынша лауазымдардағы жұмыс уақыты есептеледі.

3-тарау. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері, Денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу шарттары

12. Медицина және фармацевтика персоналы лауазымдарында жұмыс істейтін адамдардың жұмыс өтілі уақыты келесідей шарттармен есептеледі:

- 1) жұмыстан заңсыз босатылған жағдайда амалсыз бос жүргенде;
- 2) теріс себептер бойынша қызметінен босатылған адамдардан басқа, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСРО) Қарулы Күштеріндегі, ішкі, шекаралық әскерлеріндегі, азаматтық қорғаныс басқармаларының органдары мен бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің органдары жүйесіндегі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімнен тыс қызмет әскери қызметшілерінің нақты әскери қызмет өткергенде;
- 3) денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтегі жұмыс уақыты;
- 4) денсаулық сақтау саласында кәсіподақ органдарында сайланбалы қызметтегі жұмыс уақыты;
- 5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес жүктілігі мен босануы бойынша демалыс уақыты, сондай-ақ бала күтімі бойынша

жалақысы сақталмайтын демалыс уақыты;

б) медициналық қызмет бойынша шетелге жіберілген жағдайда (егер қызметкер шетелге барар алдында медициналық қызметте жұмыс істеген болса) халықаралық ұйымдардағы жұмыс;

7) егер осы лауазымдар медицина және фармацевтика қызметкері лауазымдарына жатқызылған болса, денсаулық сақтау ұйымына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырған және оның жұмыс істеуін қамтамасыз еткен қызметкерлер лауазымдарындағы жұмыс уақыты;

8) егер қызметкер сол кезеңге дейін медициналық қызметте жұмыс істеген және оны бітіргеннен кейін медициналық қызметке байланысты жұмысқа қайтып келген болса, жұмыстан қол үзіп даярлау, қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі курстарда оқыған уақыты есептеледі.

13. Қызметтің барлық саласы үшін лауазымдарға арналған мамандық бойынша жұмыс өтіліне:

1) осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген шарттар;

2) оның еңбек қызметін өткерген қызмет саласына қарамастан мамандығы, сондай-ақ ұқсас мамандығы бойынша жұмыс өтілі есептеледі.

14. Осы Қағидаларға сәйкес есептелген жұмыс өтілі күнтізбелік есептеумен ескеріледі.

15. Мамандығы бойынша жұмыс өтілі және мамандықтардың сәйкестігі денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекітетін еңбек өтілін белгілеу жөніндегі ұйымның комиссиясы жұмысқа қабылдаған кезде айқындалады.

16. Мамандығы бойынша жұмыс өтілін белгілеу туралы комиссияның шешімі хаттамамен еркін нысанда рәсімделеді. Хаттаманың түпнұсқасы кадр қызметіне, хаттаманың көшірмесі - бухгалтерияға беріледі.

17. Мамандығы бойынша жұмыс өтілін белгілеуге арналған қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар Еңбек Кодексіне сәйкес айқындалады.